



Автор: УТЕШОВА АСЕМ КУАНБАЕВНА

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Әлемнің жеті кереметі

Тақырып: Әлемнің жаңа жеті кереметі

Әлемнің жеті керемететі	6.1.5.1 – тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру 6.4.1.1 – тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу. 6.ӘТН1. Тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу. Адамзат мәдениетінің ғажайып ескерткіштерімен, яғни сәулет және мүсін өнерінің керемет тамаша үлгілерімен таныстыру. Әлемнің кереметтері халықтардың мұрасы екендігін ұғындыру. Тәрбиелік: Дүние жүзілік дамудағы адамзаттың орны ерекше екендігін және ол жасаған бүкіл әлемдік құндылықтарды білетін, оларды өз отаны – Қазақстанның дамуы үшін пайдалануға ынталы, жан-жақты жетілген азаматтарды қалыптастыру, тәрбиелеу
-------------------------	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Әлемнің жаңа жеті кереметі (14.10.2019)	1.Ұйымдастыру кезеңі. 2.Оқушыларды сабақтың тақырыбымен,мақсатымен таныстыру. (Кенет есік қағылып,біреу сыр сандық тастап кетеді.) - Балалар,мына сыр сандықты біреулер бізге тастап кетіпті. Сыр сандық ашылмайды екен.Оны қалай ашамыз? Әрине,кілтпен.Ол үшін кілтті табуымыз қажет.Кілтті іздеп саяхатқа шығамыз. (Поездың дыбысы шығады.) Поезға отыру үшін не істейміз? Билет сатып аламыз. Нөмірі 1-ші билет сатып алғандар 1-ші топқа, нөмірі 2-ші билет сатып алғандар 2-ші топқа, нөмірі 3-ші билет сатып алғандар 3-ші топқа бөлінеді. 1-топ.Археологтар. Ғажайып фактілерді келтіреді. 2-топ.Тарихшылар.7 санына байланысты ұғымдарды айтады. 3-топ.Зерттеушілер.Қазіргі әлем кереметтері туралы мағлұмат береді. Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы туралы не білеміз? Кесте толтыру білемін білмеймін білгім келеді 3.Жаңа сабақ. сабағымызда мәдениеттің негізгі түп қазығы болған антик дүние елдеріне саяхатап,бүкіл әлемдік құндылықтардың ең алғашқылары туралы аз да болса мағлұматтар алсаң деген ой болды «Әлемнің жеті кереметі» антика /латынның ежелгі деген сөзі/заманында сәулет пен мүсін ескерткіштерінің сол кездегі ең даңқты жетеуі осылай аталған. Б.ғ.д. IIIғ №кереметтің үлгісі деп: 1.Мысыр /Египет/ пирамидалары; 1 2.Вавилонның Семиралиданың/ аспалы бағы; 3.Эфес Артемидасының ғибадатханасы; 4.Галикарнас мовзалейі; 6.Александрия маягі; 7.Олимпиядағы Зевс мүсіні; -осы жетеуі аталады. «Керемет» деген ұғым бағзы заманнан бері орныққан дәстүр бойынша кең мағнасында қолданылады.Жоғарыда аталған кереметтерді дүниеге келтірудегі атқарылған жұмыстың мінсіздігі мен ауқымының жерден ақылға сыймаса да,кереметатаулының бәрі сырттың көмегінсіз жер бетіндегі адамдардың қолынан шыққан. Көркем творчество мүмкіндігінің өзі еңбекпен тығыз байланысты. «Еңбек өнерден көне деген»Плеханов.Демек,бүкіл дүние жүзіндегі өнер өзінің пайда болуымен еңбекке борышты.Өйткені Ф.Энгельс жазғандай,тек еңбектің және еңбек туғызған өзгерістердің арқасында «адам баласының қолы жетілгендіктен сондай бір жоғарғы сатысына жетті, міне осы сатыда адам баласының қолы бейне бір сиқырдың күшімен жасалғандай Рафаэльдің суреттерін, Торвальдсеннің статуяларын, Паганинидің музыкасын дүниеге келтірді». Білу. Түсіну. 1-тапсырма. «Бастапқы танысу» әдісі арқылы мәтінді мұқият оқиды. /жеке жұмыс/ Дескриптор: мәтінді мұқият оқиды. Суреттер, Бәйтерек, Алтын адам, Ханшатыр, Нұр әлем, домбыра, Хеопс пирамидасы, перғауын, Зевс мүсіні, Мысыр пирамидасы, Галикарнас кесенесі . Ашық журнал мен стикерлер (топ мүшелерінің міндеттері) «Әлемнің жаңа жеті кереметі» слайдтары PowerPoint Сандар жазылған қимақағаздар Оқылым мәтіні /3 мин/ /5 мин/ 2-тапсырма. «Елші» әдісі арқылы мәтін мазмұнын басқа топтармен талқылайды. /топпен жұмыс/ («Ашық журнал» арқылы бағалау) Дескриптор: топтар арасында мәліметпен алмасады. Қолдану. 3-тапсырма. «Шахмат» әдісі арқылы мәтінді негізге ала отырып,шахматтың бос ұяшықтарына негізгі мәліметтерді жазады, ой бөліседі.Басқа топтың жұмысына кері байланыс не сұрақ жазады. /топпен жұмыс/(Жұлдыздар арқылы топаралық бағалау) Дескриптор: мәтіннен қажеттімәліметтерді табады; негізгі ақпараттарды анықтайды; кері байланыснемесе сұрақ жазады. Сергіту сәті. 4-тапсырма. «Графикалық диктант» әдісі арқылы күрделі сөздердің түрлерін анықтап, графикалық диктант жазады. Дұрыс деп есептесеңдер – плюс , қате деп есептесеңдер – минус. /жеке жұмыс/ («Ашық журнал» арқылы бағалау) Вади Мұса – біріккен сөз Чичен-Ица – қос сөз См – қысқарған сөз Тәж-Махал – тіркескен сөз Қытай императоры – тіркескенсөз Оңтүстік – қысқарған сөз Амфитеатр – біріккен сөз Дескриптор: күрделі сөздердің түрлерін ажыратады; графикалық диктант жазады. Жинақтау. 5-тапсырма. «Ашық микрофон» әдісі арқылы көрші топқа тақырып бойынша сұрақ қойып, сыныппен ой бөліседі. /топпен жұмыс/ («Ашық журнал» арқылы бағалау) Дескриптор: сұрақтарға жауап береді; ой бөліседі. 6-тапсырма. «Сәйкестендіру» әдісі арқылы әлемнің жеті кереметін суретімен сәйкестендіреді. /жеке жұмыс/ («Ашық журнал» арқылы бағалау) Петра қалашығы, Чичен-Ица Жарылқаушы Христос Колизей Ұлы Қытай қорғаны	
--	--	--

